**Kazakistan Cumhuriyeti, Almatı Şehri, Kazak Spor ve Turizm Akademisi, 6D010800– "Beden Eğitimi ve Spor" Bilim Dalı Doktoru derecesini almak için hazırlanan Ryskaliyev Sayat Nurbolatoviç'in "Beden Eğitimi Öğretmeni Adaylarının Yönetsel Yeterliğini Oluşturma" başlıklı tez çalışmasına ilişkin yurtdışı tez danışmanının**

# RAPORU

**1. Araştırmanın önemi**. Eğitimin sürdürülebilmesinin yeni koşulları, eğitim öğretimin muhtevası, eğitimin kurumları ile yöntemlerinin yenilenmesi, eğitim alanındaki taleplerin artması, derslerin zorlaşması gibi hususların hepsi günümüz öğretmenlerinin yönetsel yeterliğinin geliştirilmesini ve arttırılmasını gerektirmektedir.

Bize göre, yönetsel yeterlik beden eğitimi öğretmeni adaylarını mesleki hazırlama aşamalarında kazandırılmaya başlanır. Biz, yüksek öğretim kurumlarındaki eğitime temel yönetsel yeterliğin kazandırılma süreci olarak bakılması gerektiğini savunmaktayız. Elbette öğretmenin yönetsel yeterliği çalışma esnasında ve uygulama sırasında belli olacaktır ama onun temellerinin ve önkoşullarının üniversitede aldığı eğitim ile kazandırıldığı da bir gerçektir.

Yukarıda bahsedilen hususlara uygun olarak günümüzde beden eğitimi ve spor alanının öğretmen adaylarını mesleki hazırlamanın şartları de tamamen değişmekte ve onların yüksek öğretim kurumlarında eğitim alırlarken eğitim sürecini ve eğitim sistemlerini yönetme konusundaki mesleki işleri yapmaya hazır durumda olması gerekmektedir.

**Araştırmanın konusu ve amacı** Tez çalışması şu bölümlerden oluşmaktadır: giriş, ana bölümler, sonuç, kaynakça ve ekler.

Tez çalışmasının genel yapısı, materyallerin sistemli bir şekilde sıralanışı ve araştırma neticesinde elde edilen sonuçlar, yazarın araştırma konusunun açıklığa kavuşturulması ve araştırmanın amacına ulaşması yolundaki meselelerin çözülmesine yönelik kapsamlı görüşlerini ortaya koymaktadır.

**2. Doktora tezlerinden istenilen talepler kapsamındaki bilimsel neticeler**

Araştırmacının bilimsel çalışmaları sonucunda aşağıdaki **neticeler** elde edilmiştir:

1. Öğrenci, psikoloji, pedagoji ve ekonomi alanındaki bilimsel kaynakları tahlil etme neticesinde yönetim ve işletmenin klasik teorilerini, beden eğitimi ve spor alanı uzmanlarının yönetsel göverinin içeriğini net ve sistemli bir şekilde ortaya koymuştur.
2. Muhteva analizinin kullanılması "yönetim" ve "yönetsel yeterlik" kavramlarının ayrıntılı bir biçimde açıklanmasını sağlamıştır.
3. Beden eğitimi öğretmeni adaylarının yönetsel yeterliğinin kazandırılmasının yapısal-içerik modeli oluşturulmuştur.
4. Beden eğitimi öğretmeni adaylarının yönetim yeterliliğini oluşturma metodolojisinin etkinliği teorik olarak doğrulanmıştır, istatistik temelinde test edilmiştir, bilimsel ve metodolojik öneriler verilmiştir.

**3. Elde edilen neticelerin sağlamlık ve güvenilirlik derecesi.**

**Neticelerin sağlamlık ve güvenilirliği** metodik yöntemlerin uygulanması, psikolojik ve pedagojik yöntemler ve uygulamalı çalışmalardan elde edilen neticelerin değerlendirilmesi ile tespit edilmiştir.

Her bir bilimsel netice ile sonuç yenilik, özgünlük derecesiyle açıklanmıştır.

***Birinci netice – ara sıra özgün,*** zira araştırmacı beden eğitimi öğretmeni adaylarının yönetsel yeterliğini oluşturmanın temel ilkelerini bilimsel kullanımdaki metodolojik görüşlere dayanarak belirlemiştir.

***İkinci netice – özgün,*** zira "yönetim", "yönetsel yeterlik" ve "beden eğitimi öğretmeni adayının yönetsel yeterliği" kavramlarının anlamı ve muhtevası ilk olarak araştırmacı tarafından ileri sürülmüştür.

***Üçüncü netice – özgün,*** Beden eğitimi öğretmeni adaylarının yönetsel yeterliğini oluşturmanın yapısal-içerik modeli ilk defa araştırmacı tarafından oluşturulmuştur.

***Dördüncü netice – özgün,*** zira beden eğitimi öğretmeni adaylarının yönetsel yeterliğini oluşturmanın metotları hazırlanmış ve onun elverişli olduğu uygulama ile saptanmıştır.

**4. Neticelerin İçerik Değerlendirmesi**

Tez çalışması bir bütün olarak ve mantıksal açıdan da tamamlanmış bir bilimsel çalışma özelliğine sahiptir.

Tez, giriş, üç bölüm, sonuç ve kaynakça bölümlerinden oluşmaktadır. Tezdeki başlıkların ve alt başlıkların hepsi mantıksal olarak birbiriyle bağlantılı, sistemli, açık ve nettir. Araştırmanın amacı ile varsayımları tez çalışmasının her bölümünde teorik ve uygulamalı olarak çözümlenmiştir.

Bütün neticeler, öneriler ile sonuçların hepsi birbiriyle bağlantılıdır ve her netice genelden özele doğru ilkesine uygun bir şekilde bir önceki neticeden ortaya çıkmaktadır.

**5. Tez çalışmasının "6D010800 – Beden Eğitimi ve Spor" Bilim Dalı alanında felsefe bilimleri doktoru (PhD) derecesini almak için hazırlanan tezlere Kazakistan Cumhuriyeti Millî Eğitim Bakanlığı tarafından istenilen şartlara uygunluğu**

S.N.Ryskaliyev'in tez çalışmasında felsefe, psikoloji, pedagoji, sosyal pedagoji alanındaki kaynaklar ve tezler incelenmiş ve tahlil edilmiştir. Tezde yönetmelikler üzerinde durulmuş, pedagojik gözlem, anket, test, görüşme gibi modern araştırma yöntemlerine başvurulmuştur. Bu özellikleriyle tez çalışması teorik ve metodik açıdan oldukça başarılıdır ve "6D010800 – Beden Eğitimi ve Spor" Bilim Dalında Doktora (PhD) derecesini almak için hazırlanan tezlerden istenilen şartlara uygundur.

**6. Araştırma neticelerinin teorik ve uygulamalı yükümlülükleri çözmede kullanımı**

Araştırma sonucunda elde edilen neticeler teori ve uygulama bakımından oldukça değerlidir. Tez çalışmasında bilimsel kaynaklar olması gerektiği şekilde sınıflandırılmış, konuyla ilgili birincil materyaller kullanılmış, araştırma neticesinde elde edilen yöntemlerin kullanılabilirliği, sağlamlık ve güvenirliği

doktora öğrencisinin Kazak Spor ve Turizm Akademisi ile Batı Kazakistan İnovasyon ve Teknoloji Üniversitesi'nde bağımsız bir şekilde gerçekleştirdiği uygulama ile kanıtlanmıştır.

**7. Savunma Teklifi.**

Araştırmacı Ryskaliyev Sayat Nurbolatoviç, özgün bir çalışma ortaya koymuştur. Bunu araştırmacının seçmiş olduğu tezin konusundan, çalışmanın önemini vurgulayışından ve bilimsel kaynakları seçmedeki özeni ile onları sistemli bir şekilde inceleyişinden görmek mümkündür.

Kazakistan Cumhuriyetindeki 8 ayrı yüksek öğretim kurumunda uygulamalı çalışmalar yapmış olması ise doktora öğrencisinin beden eğitimi ve spor alanında kendine has bilimsel düşünme stili, araştırma kültürü ve yönetsel yeterliği olan bir uzman olduğunu göstermektedir.

Yurtdışı danışmanlığını yaptığım doktora öğrencimin "Beden Eğitimi Öğretmeni Adaylarının Yönetsel Yeterliğini Oluşturma" başlıklı tez çalışması bilimsel araştırmalardan istenilen bütün şartlara uygundur. Buna istinaden S.N.Ryskaliyev'in 6D010800 – "Beden Eğitimi ve Spor" Bilim Dalında felsefe doktoru (PhD) derecesini almak için hazırladığı tez çalışmasını jüri karşısında savunmaya uygun buluyorum.

Gereğini arz ederim.

Yurtdışı Tez Danışmanı
(Gazi Üniversitesi, Türkiye) 8.04.2024

Prof. Dr. Erdal Zorba

**Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы, 6D010800– «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы Рыскалиев Саят Нурболатовичтің диссертациясына шетелдік ғылыми кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

**1. Зерттеудің өзектілігі**. Білім беру ортасының өмір сүруінің жаңа шарттары, білім беру мазмұнын, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін жаңарту, білім сапасына қойылатын талаптардың артуы, сабақты ұйымдастыру нысандарының күрделенуі - осының барлығы қазіргі мұғалімнен өз басқарушылық құзыреттілігін арттыруды талап етеді.

Біздің ойымызша, басқарушылық құзіреттілік болашақ дене мәдениеті мұғалімін кәсіби даярлау сатысында-ақ қалыптаса бастайды. Біз жоғары оқу орнында оқытуды басқарушылық құзыреттілік негіздерін қалыптастыру процесі ретінде қарастырған жөн деп санаймыз. Әрине, толық мәндегі мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігі жұмыс істейтін мұғалім бойында тек өзіндік практикалық қызмет процесінде көрінуі мүмкін, алайда оның алғышарттары мен негіздері жоғары оқу орнындағы оқу барысында қалыптасатындығы аян.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, қазіргі таңда дене шынықтыру және спорт саласының болашақ педагогтарын кәсіби даярлауға қойылатын талаптар түбегейлі өзгеруде, олардың жоғары мектепте оқу процесінде білім беру процесін, білім беру жүйелерін басқару бойынша кәсіби іс-әрекеттерді орындауға дайындығы қалыптастырылуы тиіс.

**Зерттеудің бағыты мен міндеттері** диссертациялық жұмыстың келесі құрылымын анықтады: зерттеу жұмысы кіріспеден, қисынды түрді бір-бірімен өзара байланысқан тараулардан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Диссертацияның бірізді құрылымы, материалдың жүйелі орналастырылуы, зерттеу нәтижелері бойынша шығарылған нақты тұжырымдар автордың зерттеу мәселесі мен зерттеу мақсатына жету бағытында мәселелерді шешу жолдары туралы біртұтас та ауқымды көзқарасын көрсетеді.

2. **PhD диссертацияларына қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер**

Ізденуші жүргізген ғылыми зерттеулер барысында төмендегідей **нәтижелер** алынды:

1.Психологиялық, педагогикалық, экономикалық және арнайы ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде диссертант басқару мен менеджменттің классикалық теориялары мен тұжырымдамаларын, сондай-ақ дене

шынықтыру және спорт мамандарының басқарушылық қызметінің мазмұнын нақты саралап, жүйелі түрде зерделеген.

2. Мазмұнды талдау әдісін қолдану «басқару», «басқару құзыреттілігі» санаттарының мәнін жан-жақты сипаттауды қамтамасыз еткен.

3. Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқару құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылған.

4. Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі теориялық тұрғыдан негізделген, эксперимент негізінде апробациядан өткізіліп, ғылыми-әдістемелік ұсынымдар берілген.

**3. Алынған нәтижелердің негізділік және шынайылық дәрежесі.**

**Нәтижелердің негізділігі мен нақтылығы** әдіснамалық тәсілдерді тиісті таңдау, психологиялық-педагогикалық әдістер кешенін және эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелерді объективті бағалау құралдарын пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі.

Әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жаңалықтың белгілі бір дәрежесімен сипатталады.

***Бірінші нәтиже - ішінара жаңа,*** өйткені докторант болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздерін ғылыми қолданыстағы әдіснамалық көзқарастарға сүйене отырып айқындаған.

***Екінші нәтиже - жаңа,*** өйткені «басқару», «басқару құзыреттілігі» және «болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігі» санаттарының мәні мен мазмұны авторлық тұрғыдан алғаш рет анықталған.

***Үшінші нәтиже - жаңа***. Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі автор тарапынан алғаш рет жасалып отыр.

***Төртінші нәтиже - жаңа,*** өйткені болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқару құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі әзірленіп, ұсынылған және даярланған элективті курс негізінде оның тиімділігі эксперименталды түрде дәлелденген.

**4. Нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.**

Диссертациялық зерттеу ішкі бірлігі бар логикалық тұрғыдан аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Барлық тараулар мен тармақтар логикалық түрде өзара байланысып, жүйелілікпен, материалды мазмұндаудағы нақтылықпен сипатталады. Зерттеудің нақты тұжырымдалған мақсаты мен міндеттері диссертацияның әр бөлімінде дәйекті теориялық және әдіснамалық шешім тапқан.

Барлық нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар бір-бірімен ішкі өзара байланыста, әрбір келесі тұжырым алдыңғы тұжырымнан ойдың жалпыдан жекеге қарай жүру қағидатын сақтай отырып туындайды.

**5. Диссертацияның 6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған ғылыми жұмысқа ҚР БҒМ қойған талаптарына сәйкестігі.**

С.Н.Рыскалиевтің жұмысында философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық, арнайы әдебиеттерді, диссертациялық зерттеулерді талдау, модельдеу, нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеу, педагогикалық бақылау, сауалнама жүргізу, тестілеу, әңгімелесу, сұрау жүргізу, педагогикалық эксперименттің айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдері, білім алушылар қызметінің өнімдерін зерттеу әдісі, деректерді математикалық және статистикалық өңдеу сынды зерттеудің заманауи әдістерінің кең жиынтығы қолданылуына орай, зерттеу жоғары теориялық-әдіснамалық деңгейде орындалған және 6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын ғылыми талаптарға жауап береді.

**6. Зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық міндеттерді шешуде қолданылу мүмкіндігі**

Зерттеу бойынша алынған нәтижелер теориялық және практикалық құндылыққа ие. Зерттеу көздерін тиісті түрде мазмұнды іріктеумен, нақты материалдың кең ауқымымен, зерттеудің негізделген әдістерін қолданумен қамтамасыз етілетін сенімділік пен негізділік докторанттың Қазақ спорт және туризм академиясы мен Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде өз бетімен жүргізген эксперименттік жұмысының нәтижелерімен де дәлелденеді.

**7. Қорғауға ұсыныс.**

Ізденуші Рыскалиев Саят Нурболатович жұмысты жазу барысында өз дербестігін танытты. Бұл зерттеу тақырыбын таңдаудан, оның өзектілігін негіздеуден, ғылыми әдебиеттерді іріктеуден және жүйелеуден көрініс тапты.

Қазақстан Республикасының 8 жоғары оқу орнында тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру және өткізу диссертантты дене шынықтыру және спорт саласындағы өзіндік ғылыми ойлау стилі, зерттеу мәдениеті және басқарушылық құзыреттілігі қалыптасқан маман ретінде сипаттайды.

Докторанттың «Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы жұмысы ғылыми зерттеулерге қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді, осыған орай, С.Н.Рыскалиевтің 6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық зерттеуін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

Шетелдік ғылыми кеңесші Erdal Zorba
PhD докторы, профессор
(Гази университеті, Түркия) 8.04.2024